



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

6. Обмен опытом по обновлению содержания образования с зарубежными научно-методическими центрами с выездом сотрудников в зарубежные страны (Германия, Великобритания, Япония)/ НАО им. И.Алтынсарина, 2014г., 68 стр
7. О. Винблад Инклюзивное образование в Швеции/ практический психолог, г. Хельсинборг, Швеция/[http://www.e-osnova.ru/PDF/osnova\\_22\\_0\\_5501.pdf](http://www.e-osnova.ru/PDF/osnova_22_0_5501.pdf)
8. IBE-UNESCO Preparatory Report for the 48th ICE on Inclusive Education. Buenos Aires, Argentina, 12-14 September, 2007
9. Final Report of the Regional Conference on Inclusive Education: «Major Policy Issues in the Asia Pacific Region»
10. Разработка индикаторов для оценки школ доброжелательного отношения к ребенку. - ЮНИСЕФ, Казахстан, 2007

УДК 316.40

## **ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАНҰЯЛАР АРАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ**

**Дүйсенбай Жансая Құдайбергенқызы**

[Jansok01@bk.ru](mailto:Jansok01@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының 3 курс студенті

**Капин Батина**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс магистрі

Отбасы– қоғамның бастапқы ұясы, қоғамдық әлеуметтік құрылымның негізі болып табылады. Заманына қарай адамы дегендей, қоғам мәселесімен адам алға жылжуы тиіс. Еуропа мен Америка біздің елге қарағанда әлдеқайда дамыған. Ғылым мен техника жағынан алдыңғы қатарлы көшбасшылық қызметте өз орнын айқындаған алпауыт мемлекеттер болып саналады. Сол елдер секілді қарыштап дамудың озық үлгісін барша әлемге көрсеткенімен, бізге ол елдердің мәдениеті мен безбүйректілігі қажет емес. Себебі ондағы қылмыс пен зорлық-зомбылық шырқау шегіне жетіп тұр [1].

Адам Мицкевич өз сөзінде мынадай ой келтіреді: «Ел өмір сүруі үшін – құқық өмір сүруі қажет». Құқық жайлы айтылған кезде – зорлық-зомбылық туралы сөз етпеу мүмкін емес. Қоғамымызда осындай бір адамға жағымсыз іс-әрекеттер өрбіп, белең алуда. Тіпті елімізде зорлық-зомбылыққа тап болған адамдарға арналған профилактикалық дағдарыс үйлері бар дегенде кез-келген еліміздің азаматы таңдануы ғажап емес. Себебі біз білетін қазақ – жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған деген ұғымды алға тартатын болсақ, біздің қоғамдағы осындай жандардың көбеюі – қазіргі қоғамның басты мәселелерінің маңызын құрайды. Бұл мәселелер өз кезегінде қазіргі таңдағы жанұялардың зорлық-зомбылық факторларына бағытталады. Зорлық-зомбылықтың негізгі пайда болу себептері жанжалдардан бастау алады.

Жанжал — қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік топтар арасындағы пайда болған өткір проблемалардың, халықаралық кикілжіндердің дер кезінде реттелмей, әр түрлі қақтығыстарға алып келуі. Көбінесе, қоғамдағы жанжал саяси, экономикалық дағдарыс кезінде, не жедел дамыған әлеуметтік өзгерістер барысында орын алады. Елдегі реформалар кезінде халықтың әр түрлі топтарының мүддесі есепке алынып отырмаса, ол да әлеуметтік қарама-қарсылықтарға алып келуі мүмкін. Қоғамда саяси мәдениет қалыптастыру, ортақ әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды орнықтыру — жанжалды болдырмаудың негізгі жолы болып есептеледі. Әлеуметтік өзгерістердің қарқыны белгілі бір саяси, этнография, әлеуметтік топтардың мүддесіне сәйкес келмеген жағдайда оны саяси жолмен реттеп отыру қоғамның орнықты дамуының кепілі болып табылады. Жанжалдар дипломатиялық жолмен жоғары дәрежедегі келісімдер арқылы реттеліп отырады [2].

Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген.

Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін.

Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін.

Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады. Елімізде зорлық-зомбылыққа қатысты 20 дағдарыс орталығы бар.

Әйелдер мен балаларға арналған зорлық-зомбылық проблемасы елімізде елеулі мөлшерде асқынды. Статистикалық мәліметке қарағанда елде жыл ішінде 500-дей әйел мен бала тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болады екен.

Отбасылардың қиюы қашуының басты бір себебі – жанұядағы зорлық-зомбылық [3]. «Отбасылық қарым-қатынаста дағдарыс туындағанда, одан ешкімнің ештеңесі кетпейді» деген түсініктен арылу керек. Кікілжіңі көп болатын отбасында өскен балалар есейген соң не әкесінің, не шешесінің отбасында өзін-өзі ұстау үлгісін алады.

Балаларға зорлық көрсетудің бірнеше түрлері бар:

Физикалық күш көрсету зорлық - зомбылығы: дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру, яғни соққыға жығу, жармасу, алақанмен не жұдырықпен немесе басқа да нәрселермен ұру. Бұл зорлықтың әсерінен бетке немесе денеге жарақат түседі. Ал денеге жарақат түспеген болса, онда адамның ішкі органдарына зиян тиюі әбден мүмкін.

Күш көрсету зорлық — зомбылығының белгілері:

- адамның бетіне, не денесіне әр түрлі топтағы, яғни көк таңбалардың, сондай – ақ жіптен, өтектен, темекіден болған әр түрлі нысандағы жарақаттардың белең алуы;
- ауыз қуысының, еріннің жырылуы немесе қол мен аяқ, дене мүшелеріндегі дақтар;
- адам тістерінің іздері;
- шаштың жұлынуы;
- Күш көрсету зорлық – зомбылығынан кейін балалардың мінез – құлығындағы байқалатын өзгерістер:
- балалар ересектерден, ата – аналарынан үнемі қорқатын болады;
- балалар агрессивті, тез ашуланғыш немесе тұйық болады;
- қарым – қатынас дағдысы баяу дамиды;
- оқуда туындайтын қиыншылықтар: үлгермеушілік, жинақылық қасиетінің жоқтығы, тіл дамуының баяулығы;
- үйден қашуы немесе құқықбұзушылыққа бейім болуы;
- кездейсоқ дене жарақатына тап болу себебін түсіндіре алмауы;
- икемсіз қозғалуы мен дене мүшелерінің ауыруы;
- қажеттілік болмаса да денесін киіммен бүркеуі;
- нашар баға алғаннан кейін үйге қайтуға жігерсіздігі.

Психологиялық зорлық – зомбылық — адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге, денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар – намысы мен абыройын кемсіту. Осы зорлық – зомбылықтың түрі үлкен адамдар арасында жиі кездеседі. Көбінесе ондай адамдар өздерін аурумыз деп санайды.

Психологиялық зорлық – зомбылық кезінде баланың мінез – құлқында кездесетін келеңсіздіктер:

- мазасыздық немесе қобалжу;
- ұйқының бұзылуы;
- тәбеттің төмендеуі;
- эксцентременталды мінез – құлықтың пайда болуы;
- өз – өзіне қол жұмсау қауіп – қатері;

Жоғарыдағы зорлық – зомбылық түрі шынайы өмірде жиі кездеседі. Кей уақытта адамдар ұрыс, керіс, айқай – шу, дауыс көтеру сияқты келеңсіз қасиеттерді зорлық деп те санамайды. Алайда бұл негізінен осы зорлық түріне енеді.

Экономикалық зорлық-зомбылық — адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру, бұл дене саулығының және психикалық денсаулығының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Экономикалық зорлық – зомбылықтың, яғни отбасындағы айғай – шудың куәгері ретінде жәбірленуді бастан кешірген балаларда кездесетін мінез – құлықтар немесе олардың бойынан табылатын келеңсіз әрекеттері:

Сарапшылар Қазақстанда жыл сайын 400 әйел отбасындағы зорлық-зомбылықтан қазаға ұшырайтынын айтады. Алматыда «Тенгри Умай» галереясында ашылған фотокөрме зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдерге арналды. Ал жыл сайын 400 әйел отбасындағы зорлық-зомбылық кесірінен көз жұмады. Көп жерде әйелдер де, оларға қорлық көрсететіндер де құқықтарын білмейді. Қазақстанда жыл басынан бері отбасындағы зорлыққа шыдамаған 316 әйел өз-өзіне қол жұмсаған, ал одан да көбі әлі күнге дейін зорлық-зомбылық зардабын шегіп келеді [4].

Қазақстандағы әрбір сегізінші шаңырақта ерлі-зайыптылар жанжалдасып жатады дейді мамандар. Биыл алғашқы жарты жылда отбасында әйелдерді ұрып-соққан 21 мың қылмыс тіркелген.

Ішкі істер министрлігінің берген ақпаратына қарағанда, Қазақстанда отбасындағы жанжал салдарынан жылына 500 әйел көз жұмады екен. Мамандар отбасындағы жанжал мен әйелдің соққыға жығылуының басты себебін әлеуметтік жағдаймен байланыстырады. БҰҰ-ның әйелдер мүддесін қорғауды көздейтін ЮНИФЕМ даму қорының аймақтық бағдарламалар директоры Дамира Сартбаева бұл мәселені шешудің бір жолы - отбасылардың тұрмысын жақсарту үшін ресми емес органдарда жұмыс істейтін әйелдерге мемлекет тарапынан көмек көрсету деген пікірде.

Ресми деректер бойынша, Қазақстанда әрбір сегізінші отбасы тұрмыстық ұрыс-көрістен зардап шегеді. 2010 жылдың бірінші жарты жылында ғана әйелдерді тұрмыстық жағдайда ұрып-соққан 21 мың қылмыс тіркелген.

Ішкі істер министрлігінің мәліметіне қарағанда, барлық тіркелген қылмыстың 92 пайыздан астамын әйелдерге қарсы жасалған тұрмыстық деңгейдегі қылмыстық істер құрайды. Мамандар отбасындағы жанжал көп жағдайда тұрмыс деңгейінің төмендігінен, әйел адам баламен үйде отырған уақытта мемлекет тарапынан қажетті мөлшерде жәрдемақы ала алмай отырған себебінен деп біледі. Қазақстанда 2009 жылы «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстың зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» екі заң қабылданған болатын [5].

Отбасы жауапкершілігі де исламда ерекше маңызға ие. «Сіздердің әрқайсысыларыңыз өз қол астыңыздағылар үшін жауаптысыздар. Патша өз бұқарасына, ер адам үй ішіне, әйел еріне, үйге, қызметші қожайынның мал-мүлкіне, перзент ата мұрасына жауапкер. Демек, бәріңіз де жауапты адамдар боп саналасыздар» – исламдағы адами қарым-қатынас пен жауапкершілік мәселесі осылай белгіленген. «Әркім сырттағылардан гөрі өз отбасындағыларға көбірек мейірімді болуы тиіс. Мен де сіздерге қарағанда отбасымдағыларға мейірімдірекпін» делінеді Пайғамбар хадистерінде [Сахих аль-Бухари , 2003, 137 б.]. Анығында ерлі-зайыптылар өзіндік мәселелерін ашық сөйлесу, тілдесу арқылы шешуге дағдылануы керек. Өйткені, мәселе көбіне түсініспеушіліктенде туындайды. Күйеуі



әйелінің күнделікті үйдегі бітпейтін әрі көзге аса көріне бермейтін ұсақ тірліктерді атқаруын да бағалай білуі тиіс. Әйеліне әркез ұнатқан сыйлығын әперіп тұрса, ал әйелі күйеуі ұнатқан ас түрлерін дайындап, көңілін таба білсе, бұл да араларындағы сыйластықты арттыруға жарайтын тәсіл. Бұған қоса, Ислам дінінде әйелді ұру ұнамсыз әрекет екенін қаперде ұстау керек. Ардақты Мұхаммед пайғамбарымыз (с.а.у.) өмірінде ешкімді ұрмаған, тіпті жаман сөз айтып балағаттауға да тыйым салған. Хадисінде әйелге қол көтерген жандардың нашар адамдар екенін білдірген [6].

Жоғарыда айтып өткендей қазіргі заманның өткір мәселесі отбасындағы зорлық-зомбылық. Жалпы зорлық – зомбылық неден туындайды? Адамзат өмірі тарихы зұлымдық, шеттету (дискриминация) және езгіге толы және адам баласының көкейтесті арманы әділдік, азаттық пен кәмілдікке жету болып табылады. Алайда қандайда бір езгі мен жаншу, әділетсіздікті адамдар бір-біріне көрсетіп келеді. Мұндай шеттетудің табиғи және бастапқы себебі әйел мен ер адамның жыныстық, психологиялық ерекшеліктер болып есептеледі. Бұл мәселе әйел мен еркектің құқықтарының арасындағы айырмашылықтардың тууына себепкер болды. Әйел мен ердің табиғи жаратылысы айырмашылықтарының анық болмауы қоғамдағы әйелдер табына екі есе зұлымдық көрсетілуіне, сонымен қатар адамзат қоғамындағы көптеген тартыстар, дөрекі қарым-қатынастардың тууына, яғни отбасындағы зорлық - зомбылық және әйелдің соққыға жығылуына басты себеп болады [7].

Отбасылық зорлық-зомбылық сипаты жаһандық мәселемен қоса әлеуметтік мәселелермен және Батыстың дамыған елдерінде ерекше жағдайға душар болып отыр. Бірақ, ол жерлерде бұл заң үстемдігімен және азаматтық қоғам менталитеті арқылы басқарылады. Отбасылық зорлық-зомбылық - бүкіл Қазақстан бойынша кең тараған құбылыс. Мұндай қиянат нәтижесі – нашар отбасының өсуіне, ажырасуға, бала құқығынан айыруға, кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың өсуіне, өзін-өзі өлтіруге, жақын адамдар арасындағы өлімнің, денсаулығына зиян тигізуіне алып келеді. Отбасылық зорлық-зомбылық жүйесі - қауіп төндіруші, жәбірленуші және күштеу сияқты үйдегі бақылауды толық қолға алуы болып саналады. Мұндай мінез-құлық бер рет болатын оқиға емес, ол қайта-қайта қайталануы мүмкін [8].

Отбасындағы зорлық-зомбылық қоғам үшін қауіпті, әрі өзекті де өткір мәселелердің бірі. Алайда осы мәселенің шешім табуы құқықтық, әлеуметтік және экономикалық шараларды бір уақытта қабылдаған жағдайда ғана мүмкін болмақ. Кейбір әйелдер үшін өзінің ошағы көшеден де қауіпті. Осындай келеңсіздік біздің өмірімізге көлеңке түсірмей, әрбір адамның қысымшылық көрмей өмір сүруі үшін қоғам болып зорлық-зомбылықтың жолын болдырмауда қандай алдын алу шаралары жүргізілуде, ондай жағдайға душар болғандарға қандай көмектер көрсетілуде және назардан тыс қалған жайттар бар ма? – деген сан сауалдың түйінін тарқатқан басқосуда әр сала өкілдері өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салуда. Зорлық–зомбылықтың жолын болдырмауға ат салысу қажет. [Малкина-Пых Г. 2006, С.77] [9].

Сонымен мұсылман қоғамында күйеуі отбасының тірегі, ал әйелі тең құқылы және толыққанды серігі болып табылады. Алайда бұл зорлық- зомбылыққа және өзінше билік етуге құқығын бермейді, тек қана некені сақтау мен нығайту үшін еркектердің жауапкершілігін ұлғайтады. Ислам зорлық-зомбылыққа қарсы екендігін ескерсек, отбасында әйел де, күйеуі де шарифат ережелерін ұстанса, күйеуі әйеліне ешқашан қол көтермейді, сәйкесінше әйелі де отбасының ұйытқысы болып отырады. Діни парыздар мен міндеттерде әйел мен ерлердің айырмашылықтары баршылық, алайда олар физикалық құрылымға негізделген. Отбасындағы бірлік ел болашағына бей-жай қарамайтын өскелең ұрпақты тәрбиелейтін ыстық мекеннің ошағы болып саналады. Зорлық–зомбылықсыз берекелі отбасынан бірлігі жарасқан болашақ пайда болмақ. Ел тірегінің кепілі–бақытты отбасы. Жанұядағы татулықтың тұрақтылығы қоғамдағы отбасы институтын нығайтатын ең негізгі қайнар көздерден болмақ. Өз ошағының сөнбеуін қалайтын әр бір жас жұпқа, яғни отау құрған жаңа отбасыларға жан-жақты қолдаулармен демеу көрсету арқылы қоғам дерттерінің алдын алуға болады. Болып жатқан зорлық–зомбылықтар, ажырасулар, тастанды немесе

жетім қалған бүлдіршіндер тағдыры кімдерді болса да бей-жай қалдырмасы анық, сол себептен де мемлекеттік деңгейдегі бүкіл әлем халықтарымен қолдау тапқан бағдарламаларды енгізу маңызды мәселелер қатарында болуға тиіс. Әр отбасы ішінара өздерінен бастаса ғана қоғам дертіне айналған бұл құбылыстар азаятын еді. Берекелі отбасы–болашағы берік қоғам өкілі!

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_)
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
3. <https://www.tarbie.kz/31344> Қазақстанның педагогикалық тәрбие журналы.
4. [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_combating\\_violence\\_against\\_women/28141798.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_combating_violence_against_women/28141798.html)
5. [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_women\\_crisis\\_center\\_scandal\\_conflict\\_laws/2236120.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_women_crisis_center_scandal_conflict_laws/2236120.html)
6. Әйел құқықтары, 2009. ‘2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары’. Астана, 136 б.
7. ‘В Коране о женщинах. Положение женщины в Исламе и в современном мире’ [Электронный ресурс]. URL <http://vkorane.info> -о-женщинах/(дата обращения: 26.03.2016).
8. Сарсенова, Ә.Б. 2010. Отбасы құндылықтары және қоғамдағы әйел адамдардың орны’. *Виртуалды жоба. Жаңа экономикадағы әйелдің рөлі*. Астана, 1-5 бб.
9. Кулиев, Э., 2011. ‘Коран’. Алматы, Албаракат, 324

УДК 159.9

#### **ЖАУАПКЕРШІЛІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ**

**Ибрагим Айбибі Айболқызы,**

**Жаксылыкова Самал Айтпайқызы**

Еуразия Ұлттық Университетінің 3 курс психология мамандығының студенттері

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Жауапкершілік адам мен тұтас қоғамның өмірлік іс-әрекетінің барлық сфераларында үлкен маңызға ие. Ол адам болмысы мен адамгершілігінің бірінші, фундаментальді мәні болып табылады. Жауапкершілік еріктік қасиеттер теориясындағы ең күрделі феномендердің бірі. Жауапкершілік феномені Ресей психологиясында соңғы онжылдықтарда кеңінен зерттеле бастады. 2009 жылғы «Гуманитарный вектор» журналының №1 басылымында Т. В. Слотинаның «Жауапкершілік психологиялық феномен ретінде және жасөспірімдік шақ пен ерте кемелдену шағында оны диагностикалау мүмкіндігі» деген мақаласында: заманауи мектеп оқушылары жауапкершілікті ішкі реттеу және сыртқы бақылау деп түсінеді деген алғашқы болжам жасалған. Зерттеудің өзектілігі-жауапкершілік феноменін интерпретациялаудың көпқырлылығы мен бірмәнді еместігімен, бұл ұғымды жалпығылыми категориялардан бөліп алудың қиындығымен сипатталады. Т. В. Слотина өз еңбегінде жауапкершілік мәселесін теориялық талдаған, тұлғаның психологиялық факторы ретіндегі жауапкершіліктің ерекшеліктерін анықтаған, заманауи отандық әдістер мен әдістемелер көмегімен жасөспірім және ерте кемелдену шағындағы жауапкершілік деңгейін зерттеген, зерттеу нәтижелерін Л.И. Дементийдің ұсынған әдістеменің нәтижесімен салыстырған [1].

Зерттелінушілері Ресей мектептерінің 9-11сынып оқушылары, жоғары оқу орындарының әртүрлі факультеттерінің студенттеріне Т.В. Слотина мен Е.А. Мулярдың «Жауапкершілік туралы» анкетасын, «Жауапкершіліктің мінез-құлық» сұрақнамасын (авторы Л. М. Дементий), «Жауапкершіліктің ерекшеліктері» анкетасын (авторы Т. В.